

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2026 жылғы 16 сәуірдегі
№ ДС-117

Құрметті депутаттар!

Үкімет сіздердің сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Атауында «билер», «билер кеңесі», «бас би» сынды терминдер қолданылатын ұйымдардың «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң талаптарын сақтау бөлігіне қатысты

Қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды құру және мемлекеттік тіркеу тәртібі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (бұдан әрі – Заң) және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдармен реттеледі.

Заңның 1-бабына сәйкес оның реттеу тәртібі Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығын іске асыруға, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Мемлекеттік тіркеу жүйесі ұсынылған жарғылық құжаттардың қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан құқықтық сараптаманы қамтиды.

2026 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша атауларында «билер», «билер кеңесі», «бас би» терминдері пайдаланылатын 20 қоғамдық бірлестік тіркелген.

Олардың ішінде 3 қоғамдық бірлестіктің республикалық мәртебесі бар, ал 17-сі – жергілікті.

Анықтама: Астана қ. – 1, Алматы қ. – 1, Шымкент қ. – 1, Алматы – 1, Ақмола – 1, Атырау – 1, Павлодар – 1, Батыс Қазақстан – 1, Түркістан – 5, Жамбыл – 1, Ұлытау – 1, Абай – 2.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, тіркеу сәтінде аталған бірлестіктердің жарғылық құжаттары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес болған.

Сонымен қатар республикалық мәртебеге қойылатын талаптардың сақталуы бөлігінде тіркелген 3 республикалық қоғамдық бірлестіктің 2-уі заңда белгіленген мерзімде бұл мәртебені растаған жоқ, яғни ел өңірлерінің жартысынан астамында филиал мен өкілдік құрмаған.

Осыған байланысты әділет органдары оларды заңнамаға сәйкес мәжбүрлеп тарату бойынша шаралар қабылдауда.

Бұған қоса, кейбір бірлестіктер нақты орналасқан жері бойынша қызмет атқармайды және салықтық тәртіпті бұзуға жол берген – 4 ұйым әрекетсіз салық төлеуші ретінде танылған, 1 ұйым бойынша салық есептілігін тапсыру тоқтатылғандығы анықталды.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік мекемелердің функцияларын қайталауға жол бермеу мәселесіне қатысты

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қоғамдық бірлестіктердің мемлекет қызметіне араласуына жол берілмейді. Заңнамада соттардың айрықша құзыреті бекітілген және дауларды сотқа дейін реттеудің заңды тетіктері, оның ішінде медиация көзделген.

Соған қарамастан, өзін «билер», «билер кеңесі», «бас би» ретінде таныстыратын жекелеген бірлестіктердің дауларды шешу процестеріне араласу фактілері тіркелуде, бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына, соның ішінде сот қызметіне араласпау және мемлекеттік органдар өкілеттіктерін шектеу қағидаттарына қайшы келеді.

Сонымен бірге мемлекеттік органдардың функцияларын қайталауға жол бермеу тұрғысынан бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылады, бұзушылықтарға жол беретін қоғамдық бірлестіктерге заңнамада белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату шаралары қолданылады.

Қоғамдық ұйымдардың құқық қорғау органдары құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауына жол бермеу мәселесіне қатысты

Қазақстан Республикасының заңнамасы мемлекеттік органдардың айрықша құзыреті қағидатына негізделген. Тек уәкілетті мемлекеттік органдар ғана мемлекеттік саясатты іске асыру, бақылау, қадағалау және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану функцияларын жүзеге асыруға құқылы.

Қоғамдық бірлестіктердің билік ету өкілеттіліктері жоқ және үшінші тұлғалар үшін міндетті шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. Олардың қызметі жарғылық мақсаттарымен және заңнама талаптарымен шектеледі. Мұндай бірлестіктердің соттар немесе құқық қорғау органдары құзыретіне жататын мәселелер бойынша қабылдаған кез келген шешімдерінің заңды күші жоқ және мемлекет тарапынан танылмайды. Белгіленген өкілеттіліктер шегінен шыққаны үшін заңда көзделген жауапкершілік қарастырылған.

Қоғамда іріткі салатын және халықтың бірлігі мен тыныштығына нұқсан келтіретін ұйымдардың қызметіне құқықтық баға беру мәселесіне қатысты

Анықталған тәуекелдерді ескере отырып, заңды тұлғаларды тіркеуді күшейту мақсатында заңнамаға түзетулер әзірленіп, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу жұмыстары жүргізілуде.

Мәселен: атауы немесе қызметі рулық-тайпалық құрылымдарға қатыстылығын білдіретін не заңнамаға қайшы келетін коммерциялық емес ұйымдарды құруға тыйым салу және республикалық мәртебені растау талаптарын күшейту мен бірлестіктерді тарату үшін ымырасыз негіздер белгілеу

қаралған. Қосымша заңды тұлғалардың атауларында мемлекеттік органдармен немесе олардың функцияларымен байланыс тудыратын белгілерді пайдалануға жол бермеу шаралары көзделген.

Ұсынылып отырған шаралар превентивтік сипатқа ие және құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, қоғамдық бірлестіктер қызметінің ашықтығын арттыруға, бірлесу құқығын теріс пайдалануға жол бермеуге, сондай-ақ қоғамдық тұрақтылық пен келісімді нығайтуға бағытталған.

Аталған мәселе жаңа Конституцияның 6-бабында қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік функцияларды жүктеуге, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік істерге негізсіз ықпал етуіне жол бермейтін құқықтық қағидалар нақты айқындалған.

О. Бектенов